

Вишневый ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 24 "Вишневый селолық округінің Уйск селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Вишневый ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 27 мамырдағы № 6 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 23 маусымда № 4868 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес, Вишневый ауылдық округінің әкімі

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Вишневый ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 24 "Вишневый селолық округінің Уйск селосының құрамдас бөлігін атауы туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-101 тіркелген, 2009 жылғы 1 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер

енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Вишневый ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Вишневый ауылдық округінің әкімі

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:";

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селосының", "селолық" деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін;

орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Вишневый ауылдық округінің әкімі

С. Кононенко